

**"Соттың шешімі бойынша Астана қаласының коммуналдық меншігіне түскен иесіз қалдықтарды басқару қағидалары туралы" Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 28 маусымдағы № 281/34-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 18 қарашадағы № 269/34-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қарашада № 30677 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Соттың шешімі бойынша Астана қаласының коммуналдық меншігіне түскен иесіз қалдықтарды басқару қағидалары туралы" Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 28 маусымдағы № 281/34-VI шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1184 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласы мәслихатның хатшысы*

*Е. Каналимов*